



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

Argentina, 2011

5. Ш.Сарыбаев. Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер. Алматы, 1960
6. А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы, 1964
7. m.adebiportal.kz

ӘОЖ 81'25:338.48

## **КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ ТӘРЖІМАЛАУ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ГРАММАТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЛЕКСИКЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАР**

**Надим Қарлығаш**

[Kakosh\\_jana@mail.ru](mailto:Kakosh_jana@mail.ru)

«Аударма ісі» мамандығының 2 курс магистранты,  
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – филология ғылымдарының докторы, Мұратова Г.А.

Аудармамен адамдар ерте кезден бастап айналыса бастаған. Себеі әлемның түкпір-түкпірінде әр-түрлі тілде сөйлейтін адамдар тобы пайда болған кезде аударманың қажеттілігі аса маңызды болды. Жазу пайда болғаннан кейін сол жазбаларды аудару үшін жазбаша аудармашылардың қажеттілігі туындады. Нәтижесінде аудармашылардың және аударманың құндылығы арта түсті. Ең алғаш, қазақ тіліндегі көркем мәтіндерді аудару арқылы еліміздің мәдениеті мен салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, наным-сенімдерін, қазақ тіліндегі аударма мәселесін көтеріп, көрсеткен ғалымдардың қатарында М.Әуезов, Ә.Сатыбалдиев, Ә.Тарақов, А.Алдашева болды.

Қазақ және ағылшын тілдерінің генеологиялық және типологиялық классификациясы екі түрлі болғандықтан, қазақ тілінен ағылшын тіліне, не керісінше ағылшын тілінен қазақ тіліне көркем мәтінді аудару барысында қиындықтар туындайды. Сол себепті аудармашы үшін аудармалық трансформацияларды білу маңызды. Аудармалық трансформациялардың түрлеріне қатысты көптеген ғалымдар әр жылдары өз талдауларын көрсеткен. Дегенмен де, ғылым мен білімнің жаңа талаптарына сай олардың идеялары сай келмей жатады. Соған қарамастан ғалымдардың тұжырымдамалары қазіргі таңда үлкен қызығушылыққа ие. Аударма үдерісі кезінде аудармашының ең басты мақсаты түпнұсқа мен аударма тілінің бір-біріне барабар болуы. Аударманың барабарлығы деп отырғанымыз аударманың түпнұсқаға және сол тілдің нормасына сай аударылуы. Осы талаптарды орындау үшін, аударма тілдің баламысын ғана қолданып қою жеткіліксіз, себебі көп жағдайларда сөздер мен сөз тіркестерінің баламасы болмай жатады. Сондықтан да, қазіргі таңдағы аудармашының басты мақсаты аудармадағы трансформацияларды, олардың түрлері мен қолданылуын жан-жақты зерттеу болып табылады.

Ең біріншіден, аудармалық трансформация дегеніміз не? Көптеген ғалымдар осыған орай өздерінің ғылыми тұрғыда анықтамаларын берген болатын. Мысалы: В. Н. Комиссаров, А. Д. Швейцар, Л. С. Бархударов, Л. К. Латышев, Я. И. Рецкер, Ж. А. Жақыпов, Т. К. Байсақалов және т.б. ғалымдар. Дегенмен де, осы ғалымдардың ішінде Л.С.Бархударовтың аудармалық трансформацияға берген анықтамасы аудармалық трансформация деген сұраққа нақты жауап береді десек болады. Яғни, Л. С. Бархударовтың айтуынша “Аудармалық трансформация- түпнұсқа тілінен аударма тіліне өтуді қамтамасыз ететін тіларалық түрлендіру”[1]. Аудармалық трансформацияларды ғалымдар әр-түрлі топтарға бөліп, жіктеп көрсеткен. Соның ішінде А.М.Фитерман мен Т.Р. Левицкая аудармалық трансформацияларды 3 түрге бөлген [1]. 1. Грамматикалық трансформация. Бұл топқа: орын алмастыру, түсіріп тастау, қосу және де сөйлемдерді алмастыру мен қайта құру жатады;

2. Стилистикалық трансформация. Бұл топқа синонимдік алмастырулар мен сипаттамалық аударманы және де түсіріп тастау тәсілін жатқызуға болады. 3. Лексикалық трансформация. Бұл топқа сөйлемдерді жалпылау және нақтылау, қосу және түсіріп тастау тәсілдерін жатқызамыз. А.М.Фитерман мен Т.Р. Левицкаялар үш түрге бөліп қарастырса, Я.И.Рецкер трансформацияның екі түрін қарастырады [2]. 1. Сөз таптары мен сөйлем мүшелерінің алмасуы- грамматикалық трансформация. 2. Нақтылау, жалпылау, мағынаны дифференциялау, антонимдік аударма, мағынаны дамыту, толықтай түрлендіру және орын толтыру тәсілдерін лексикалық трансформациялар деп бөлген. Мен де өзімнің осы берілген мақаламда лексикалық және грамматикалық трансформацияларға М.Әуезовтың «Абай жолы» роман эпопеясының негізінде мысалдар қарастырып, талдайтын боламыз.

Мысалы, “Жұмабайдың қалың қара тымағын көзіне қарай баса кигізіп жіберіп, сол сәтте шоқпарға жармасты” [3,16] тіркесін аударма тілге “The stranger gave him no time to time to reach again for the weapon. Dashing up, he jerked the old man’s wide-brimmed black hat down over his eyes” [4,18] деп аударған. Тәржімалау барысында лексикалық және грамматикалық трансформациялар орын алған. Аударма жанама аударма арқылы, яғни орыс тілінен аударылғандықтан аударма барысында қосу тәсілдері мен қатар түсіріп тастау, антонимдік аударма тәсілдері де қолданылған. Мысалы түпнұсқадағы тар мағынадағы “Шоқпар” бірлігі аударма тілінде кең мағыналы “Weapon” бірлігімен беріліп мағынаны жалпылау әдісі қолданылып тұр. Қазақ тіліндегі “Шоқпар” сөзінің мағынасы Т.Жанұзақовтың ҚТТС-де сөздігінде “басы домалақтанып келген берік таяқ қару” [5, 921] дегенді білдірсе, аудармада берілген “Weapon” сөзінің мәні соғыс уақытында немесе кез-келген шайқаста қолданылатын қарудың түрлері, мысалға ол пышақ не жарылғыш зат болуы мүмкін (“Any object used in fighting or war, such as a gun, bomb, knife, etc.”) [6]. Ал, түпнұсқада нақты шоқпар екені айтылып тұр. Сондықтан да бұл бірлікті аударма тіліне транслитерация әдісі арқылы “Shokpar” деп аударса дұрыс болады деп ойлаймыз. Сонымен қатар, түпнұсқада берілген “қалың қара тымақ” тіркесі аударма тіліне мағынаны жалпылау әдісі арқылы “wide-brimmed black hat” деп берілген. Қазақ тілінде “Тымақ” бірлігінің мағынасы Т.Жанұзақовтың ҚТТС-де сөздігінде “Аң терісінен жасалып, суыққа киетін бас киім ” [5, 839] дегенді білдіреді. Ал ағылшын тілінде тек кең жиекті қара бас киім деп беріліп тұр. Яғни сөздің экспрессивті бояуы жоғалып тұр. Қазақ халқында бұндай бас киімді қыстың қытымыр аязында киетін болса, ағылшын аудиториясына бұл жад түсінік болуы мүмкін. Сонымен қатар, аударма орыс тілінен аударылғандықтан, орыс тілінде нақты қандай бас киім екені айтылмай тек “широкополая черная шапка” [3] деп берілгендіктен аударма ағылшын тіліне толыққанды жеткізілмей, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі киімнің атауы нақты аударылмай тұр. Сондықтан да, транслитерация әдісі арқылы аударып, қандай бас киімнің түрі екендігіне түсіндірме беріп кеткен дұрыс болатын еді деп ойлаймын. Мысалы, *tyamak-one kind of headgear made of animal skin*. Түпнұсқада жекеше түрдегі “көз” бірлігі аударма тілінде көпше түрде “Eyes” деп беріліп нәтижесінде сөз формасының өзгергенін байқап тұрмыз. Тәржімалау нәтижесінде, лексикалық құрам мен синтактикалық құрылыстардың ұқсастығы жоқ. Дегенмен де аудармада түпнұсқада жеткізілген ситуация ұқсастығы мен қарым- қатынас мақсаты беріліп тұр.

Екінші, “Қап, мынаның баласы!... Мен бөрінің бөлтірігімін деп келеді-ау!” [3, 16] тіркесін аударма тіліне “The spit and image of his father! A true son of the old wolf, that’s clear” [4, 18] деп аударған. Тәржімалау барысында лексикалық және грамматикалық трансформациялар орын алып тұр. Түпнұсқадағы одағайдан құралған “Қап, мынаның баласы” деген эмоциональды тіркес аударма тілінде “The spit and image of his father!” деп толықтай түрлендіру тәсілі арқылы берілген. Ағылшын тіліндегі көп мағыналы “spit” сөзі мағынаны нақтылау тәсілі арқылы мәнмәтінге сай “Аумаған ” мағынасында, яғни әкесіне ұқсағанын жеткізіп тұр. Сонымен қатар, түпнұсқадағы “бөрі” бірлігі қазақ тілінде түркі халықтарының тарихи жадындағы киелі ұғым, қасқырдың жағымды атауы [4]. Ал, “Мен бөрінің бөлтірігімін деп келеді-ау!” тіркесі батырлық танытып, қайсарлық көрсетіп келе жатқан, әкесінің бойындағы отты қасиеттердің баласынан да табылатынын көрсеткісі келген

ауыспалы мағынадағы, қасқырдың баласы деген ойды білдіріп аударма тіліне “A true son of the old wolf, that’s clear” деп мағынаны дамыту тәсілі арқылы берген. Немесе қасқырдың баласын ағылшын тіліндегі “wolf-cub” –бөлтірік бірлігімен беру арқылы тікелей аударма жасауға да болады деп ойлаймыз. Нәтижесінде, аударма барысында тіркестің синтаксистік құрылымы сақталып тұрған жоқ, дегенмен де негізгі ой жеткізіліп тұр.

Үшінші, “Сен мен бізді манадан көріп отыр!” [3, 15] тіркесін аударма тіліне “They may be watching you this very minute” [4, 17] деп лексикалық трансформацияның бір түрі мағынаны түрлендіру тәсілі арқылы аударған. Түпнұсқада тіліндегі “манадан көріп отыр” тіркесін “this very minute- дәл қазір” бірлігімен беру арқылы мағынасын өзгертіп тұр. Сонымен қатар, көпше түрдегі “Сен мен бізді” есімдіктерін грамматикалық трансформацияның бір түрі сөз формасын ауыстыру арқылы ағылшын тіліне жекеше түрдегі “you” есімдігімен аударып тұр.

Төртінші, “Жол ұзақ. Ұйқы ашар болсын деп ойнап ем, ғайыпқа бұйырмаңыз, Жұмақан!-деді” [3,17] тіркесін аударма тіліне “The journey is long and I only wanted to pass the time. Please forgive me, Zhumakan” [4,20] деп аударған. Аударма барысында лексикалық және грамматикалық трансформациялар орын алған. Түпнұсқадағы “ұйқыашар” тіркесі Т.Жанұзақовтың ҚТТС-де сөздігінде “ұйқыны ашу үшін жасалатын түрлі әрекет” [5, 858] дегенді білдіріп аударма тіліне “I only wanted to pass the time ” деп толықтай түрлендіру тәсілі арқылы аударған. Ұйқыашар тіркесі тек қазақ халқының сөйлеу мәнеріне тән бірлік болғандықтан, ағылшын тілді аудиторияға тікелей аударма тәсілі арқылы аударғанда түсініксіз болуы мүмкін еді. Сонымен қатар, тәржімалау барысында “Жұмақан ” бірлігін транслитерация тәсілі арқылы “Zhumakan” деп аударған. “Жол ұзақ” тіркесі аударма тілге көп мағыналы The journey is long- саяхат ұзақ тіркесімен мағынаны түрлендіру тәсілі арқылы ауарып тұр. Жалпы аударма нәтижесінде, аударма барысында тіркестің синтаксистік құрылымы толықтай сақталмағанымен түпнұсқа тіліндегі бірліктің мағынасы аударма тілінде жеткізілген.

Бесінші, “Содан кейін үлкен қатындар және осы топтағы үлкен еркектің, ағалардың да бір екеуі сүйіп жатыр” [3,21] тіркесін аударма тіліне “He was showered with kisses by the old men and women” [4,24] деп аударылған. Тәржімалау барысында лексикалық және грамматикалық трансформациялар орын алған. Мысалы, Түпнұсқадағы ой аударма тілге модуляцияда болатын мағыналық өзгертулердің бір түрі активтің пассивке ауысуы арқылы аударылған. Көп мағыналы “үлкен” сөзі аударма тіліне “old” бірлігі арқылы тікелей аударма тәсілімен аударылған. Түпнұсқадағы “сүйіп жатыр” етістігі аударма тіліне “kisses” зат есімімен аударылу арқылы грамматикалық трансформация, яғни сөз таптары ауысып тұр.

Келесі мысал ретінде, “Жаман неме, маған бұрын келмей, әкеңе кеттің-ау!” [3,21] тіркесін аударма тілге “Ah, the rascal. He didn’t come to me the first, he had to run to his father” [4,24] деп аударған. Тәржімалау барысында лексикалық және грамматикалық трансформациялар орын алған. Түпнұсқадағы ой аударма тіліне антонимдік аударма тәсілі арқылы аударылған. Сонымен қатар, “әкеңе кеттің-ау” деген өкінішті білдіріп тұрған ойды аударма тіліне “he had to” деген модальді етістікпен солай тура келді деп аударған. Аударма барысында тіркестің синтаксистік құрылымы сақталмағанымен де түпнұсқа тіліндегі бірліктің мағынасы аударма тілінде жеткізілген.

Жетінші, “Құрт қосқан қонақ көже” [3,33] тіркесін ағылшын тіліне “the gruel of millet” [4,40] деп аударған. Тәржімалау барысында лексикалық және грамматикалық трансформациялар орын алған. Қазақ халқында құрт көже деген тағамның түрі бар. Ал, ағылшын тіліндегі millet бірлігінің аудармасы тары. Құрт пен тарының мағынасы екі түрлі. Т.Жанұзақовтың ҚТТС-де сөздігінде “тары” дегеніміз “дәнді дақылдардың бір түрі” [5, 788] дегенді білдіреді. Ал, “құрт-қатықтан не сүзбеден әртүрлі етіп жасалып, кептірілген сүт тағамы” [5, 548]. Сондықтан да, құрт қазақтың ұлттық тағамдарының бірі болғандықтан транслитерация тәсілі арқылы аударылған дұрыс деп ойлаймыз.

Сегізінші, “Қойшы, Қамқа! Қабағыңды ашшы” [3,33] тіркесін ағылшын тіліне “Enough, Kamka! Don’t weep any more” [4,40] деп аударған. Тәржімалау барысында



лексикалық және грамматикалық трансформациялар орын алған. Мысалы, Қамқа бірлігі ағылшын тіліне транслитерация тәсілі арқылы “Камка” деп аударылған. Түпнұсқадағы ой аударма тілге антонимдік аударма тәсілі және мағынаны толықтай түрлендіру тәсілдері арқылы аударылған. “Weep” бірлігінің аудармасы жылау дегенді білдіреді. Аударма нәтижесінде тіркестің синтаксистік құрылымы сақталмағанымен де түпнұсқа тіліндегі бірліктің мағынасы аударма тілінде мағынаны жалпылау тәсілі арқылы жеткізілген.

“Қайыры ұзақ болсын” [3,66] тіркесін аударма тілге “May Allah grant you joy in it for many years” [4,74] деп аударған. Тәржімалау барысында лексикалық және грамматикалық трансформациялар орын алған. Сөздер мен сөз тіркестерінің орналасу реті аударма тілінде өзгеріп орын алмастыру тәсілі жүзеге асып тұр. Түпнұсқадағы ойды аударма тілде мағынаны дамыту және қосу тәсілдері арқылы Алла сізге қуаныш сыйласын деп толықтырға. Аударма нәтижесінде тіркестің синтаксистік құрылымы сақталмағанымен де түпнұсқа тіліндегі бірліктің мағынасы аударма тілінде мағынаны жалпылау тәсілі арқылы жеткізілген.

“Бөкенші, Борсақтың қалың жиынына мына сөз таспен ұрғандай тиді” [3,66] сөйлемін аударма тілге “His words were like a slap, a slap in the face of all the Bokenshi” [4,75] деп аударған. Тәржімалау барысында лексикалық және грамматикалық трансформациялар орын алған. Мысалы, Бөкенші есімі транслитерация тәсілі арқылы Bokenshi деп аударылған. Борсықтың есімі аудармада түсіріп тастау тәсілі арқылы көрсетілмеген. Қалың жиын тіркесі аударма тілде мағынаны жалпылау тәсілі арқылы all үстеуі арқылы аударылған. Сонымен қатар, грамматикалық трансформацияның бір түрі сөз формасы өзгеріп тұр. Мысалы, түпнұсқадағы жекеше түрдегі сөз сөзі аударма тілде words көпше түрде берілген. Таспен ұрғандай тіркесі қазақ тілінің сөз қолданысында ауыр тиді, қатты батты дегенді білдіреді де аударма тілде slap in the face-шапалақпен тартып жіберу тіркесі арқылы ағылшын тілінің сөз қолданыса сай етіп аударған.

“Көктем мен күз уақыттарында, жылына екі рет осы жерлерге Құнанбай ауылдары келіп қонып, ұзақ уақыт отырып, жайлап та кететін” [3,18] сөйлемін аударма тіліне “Kunanbai’s aul camped here for several months every spring and autumn” [4,20] деп аударған. Тәржімалау барысында лексикалық және грамматикалық трансформациялар орын алған. Мысалы, түпнұсқадағы ойды аудару барысында сөздер мен сөз тіркестерінің орны алмасу арқылы лексикалық трансформация қолданылып тұр. Түпнұсқада берілген “жылына екі рет” бірлігі аударма тіліне бұрмалаушылық жолмен “for several months” деп аударған. Көпше түрдегі “ауылдары” аударма тілде жекеше түрде “aul” деп аударған. Сонымен қатар, транслитерация тәсілі арқылы Құнанбай- Kunanbai деп аударған. Нәтижесінде, аударма барысында тіркестің синтаксистік құрылымы толықтай сақталмағанымен түпнұсқа тіліндегі бірліктің мағынасы аударма тілінде жеткізілген.

“Көлқайнар суы мөлдір, мол бұлақ болғанмен, кең қоныс емес” [3,19] тіркесін аударма тіліне “The stream that followed through Kolkainar was renowned for its clear, ever-plentiful waters” [4,22] деп аударған. Тәржімалау барысында лексикалық және грамматикалық трансформациялар орын алған. Түпнұсқадағы ой аударма тілге модуляцияда болатын мағыналық өзгертулердің бір түрі активтің пассивке ауысуы арқылы аударылған. Сонымен қатар, транслитерация тәсілі де қолданылған. Мысалы, Көлқайнар- Kolkainar. Түпнұсқадағы “Кең қоныс емес” болымсыз тіркесі ағылшын тіліне “renowned” болымды сын есімімен берілген. Түпнұсқадағы ойды аудару барысында сөздер мен сөз тіркестерінің орны алмасу арқылы лексикалық трансформация қолданылып тұр. Жекеше түрдегі “Су” бірлігі аударма тілінде көпше түрде “waters” деп берілген. Нәтижесінде, аударма барысында тіркестің синтаксистік құрылымы сақталмағанымен де түпнұсқа тіліндегі бірліктің мағынасы аударма тілінде жеткізілген.

“Денесі кесек, қолы қайратты Оспан түрегеліп алып, шалқалата жыға салды. Және соның үстіне, ұртына тығып жүрген бір сілекейлі қатты нәрсені әп-сәтте Абайдың көйлегінің омырауын ашып, жалаңаш етіне тигізіп тастап жіберді” [3,25] тіркесін аударма тіліне “But stocky little Ospan laid him flat on both shoulders, and taking something from his mouth thrust it, all slippery, down Abai’s neck деп аударған [4,30]”. Аударма барысында лексикалық және

грамматикалық трансформациялар орын алған. Мысалы, сөздер мен сөз тіркестерінің орналасу реті аударма тілінде өзгеріп орын алмастыру тәсілі жүзеге асып тұр. Түпнұсқадағы Оспан бірлігі трансформация тәсілі арқылы аударма тілге *Ospan* деп аударылды. Сонымен қатар, “денесі кесек, қолы қайратты” тіркесі ағылшын тіліне “stocky little” деп жалпылау тәсілі арқылы аударылған. Қазақ тіліндегі денесі кесек тіркесінің мағынасы Т.Жанұзақовтың ҚТТС-де сөздігінде “үлкен, ірі” [5, 392] дегенді білдіреді. Аударма тілінде де “stocky-мығым денелі” деген мәнді береді. Дегенмен де аудармадағы *little* сөзі бұрмалаушылыққа әкеліп соқтырады. Шалқалата жыға салды тіркесіндегі тар мағыналы шалқалата сөзін аударма тіліне көп мағыналы “flat” бірлігі арқылы мағынаны жалпылау тәсілі арқылы аударған. Модуляцияда болатын мағыналық өзгертулердің бір түрібөліктің басқа бір бөлікпен ауысуы арқылы түпнұсқадағы “ұрт, омырау” бірліктері аударма тіліне “mouth, neck” бірліктерімен берілген. Жалпы алғанда аударма барысында тіркестің синтаксистік құрылымы сақталмағанымен де түпнұсқа тіліндегі бірліктің мағынасы аударма тілінде мағынаны жалпылау тәсілі арқылы жеткізілген.

“Бір сөзімен бір сөзін жалғасытыруға Абай үлгірмей, адасып қап отыр” [3,25] тіркесін аударма тілген “Abai could not make head or tail of it and was utterly confused” [4,31] деп аударған. Тәржімалау барысында лексикалық және грамматикалық трансформациялар орын алған. Мысалы, түпнұсқадағы ойды ағылшын тіліне антонимдік аударма тәсілі арқылы аударған. Бір сөзімен бір сөзін жалғасытыруға тіркесін аударма тілге сөздің басы мен аяғын қоса алмады деп тікелей аударма тәсілі арқылы берген. Қазақ тіліндегі көп мағыналы адасып тіркесі ағылшын тілінде тар мағыналы “confused” бірлігімен беру арқылы мағынаны нақтылау әсілі жүзеге асып тұр. Транслитерация тәсілі ді қолданылған, мысалы Абай- Abai деп аударылған. Сонымен қатар, сөздер мен сөз тіркестерінің орналасу реті аударма тілінде өзгеріп орын алмастыру тәсілі жүзеге асып тұр.

“Құнанбайға бұлардың ішінен көз алмай, қырандай қарап отырған- дәл төрдегі Байсал” [3,26] тіркесі аударма тілге “Only Baisal , who sat in a prominent place, was looking directly as he spoke” [4,33] деп аударған. Аударма барысында лексикалық және грамматикалық трансформациялар орын алған. Мысалы, “Байсал” бірлігі ағылшын тіліне транслитерация тәсілі арқылы “Baisal” деп аударылған. Түпнұсқадағы “бұлардың ішінен” тіркесін “only-тек қана” үстеуі арқылы аударған. “Төрдегі” бірлігі ағылшын тіліне сын есім “prominent” берген. Қазақ тілінде қырандай күшті қанатты деген теңеу бар, сол сияқты қырандай көз алмай қарап отырған деген ойды аударма тіліне жалпылама тәсілмен “directly” үстеуімен аударған. Сонымен қатар, сөздер мен сөз тіркестерінің орналасу реті аударма тілінде өзгеріп орын алмастыру тәсілі жүзеге асып тұр.

“Тек, жарықтығым, дүмбілезінді көрсетпе, былқыл-сылқылыңды аулақ әкет!” [3,28] тіркесін аударма тілге “But do not sit there hemming and hawing” [4,35] деп аударған. Аударма барысында лексикалық және грамматикалық трансформациялар орын алған. Мысалы, түпнұсқадағы ой ағылшын тіліне антонимдік аударма тәсілі арқылы аударылған. Сонымен қатар, тек қазақ халқының сөйлеу мәнеріне тән “дүмбілез” бірлігі Т.Жанұзақовтың ҚТТС-де сөздігінде “Жетілмеген, шалағай, ісінде тиянақтылық жоқ” [5, 211] дегенді білдіреді. Сол себепті бұл тіркес ағылшын тіліне эмоционалды бояуы жағынан төмен, көп мағыналы “hemming” бірлігімен берілген. Былқыл-сылқылыңды аулақ әкет тіркесі мағынаны жалпылау тәсілі арқылы “hawing-міңгірлеу, мыңқылдау, алдау” бірлігімен аударылған. Тәржімалау барысында түсіріп тастау тәсілі де қолданылған. Мысалы, эмоционалды-экспрессивті жарықтығым бірлігі аударма барысында берілмеген.

“Ақ, қарамды тексермедің бе, өңшең қан жұтқан, қара бет?” [3,40] тіркесін ағылшын тіліне “Am I guilty or innocent-you don’t want to know, you murderers” [4,51] деп аударған. Тәржімалау барысында лексикалық және грамматикалық трансформациялар орын алған. Түпнұсқадағы ой аударма тілге антонимдік аударма тәсіл арқылы аударылған. Қазақ тілінің қолданысындағы эмоционалды-экспрессивті бояуы ие өңшең қан жұтқан, қара бет тіркесі аударма тілге нақтылау тәсілі арқылы murderers бірлігімен берілген және де көпше түрде берілу арқылы сөз формасы өзгерген. Сонымен қатар, Сөздер мен сөз тіркестерінің орналасу



реті аударма тілінде өзгеріп орын алмастыру тәсілі жүзеге асып тұр.

Жоғарыда берілген талдаулардан келесідей қорытынды шығара аламыз. Тәржімалау барысында кеңінен қолданылған аудармалық трансформациялардың қатарына: Транслитерация, мағынаны түрлендіру, мағынаны нақтылау және мағынаны дамыту тәсілдері жатады. Грамматикалық трансформацияның ішінде сөз формасының өзгеруі, сөз таптарының сәйкес келмеуі, сөздер мен сөз тіркестерінің орналасу реті аударма тілінде өзгеріп берілген. Түпнұсқадағы негізгі ой, қазақ халқының ХІХ-ғасырдағы өмір сүру салты мен дәстүрі, мәдениеті аударма тіліне толыққанды болмаса да жеткілікті дәрежеде жеткізілген.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Левицкая Т.Р., Фитерман А.М. Теория и практика перевода с английского языка на русский, Москва, 1963-125с.
- 2 Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика. - Москва, 1974.
- 3 Әуезов М. Абай жолы: Роман – Эпопея. Алматы: "Жеті жарғы", 1997. 320 б.
- 4 «Путь Абая» / Пер. А. Кима.-Алматы: ИД «Жібек жолы», 2007. Кн. 1. Кн.2. "АБАЙ" Illustrations by Y.Sidorkin. Translated into English. Progress Publishers 1975.
- 5 Т.Жанұзақов "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі"

ӘОЖ 81-812-8126-347.7.034

#### **О.БӨКЕЙДІҢ «БУРА» ӘНГІМЕСІНІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ**

##### **Нұрмира Жұмай**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің докторанты  
Ғылыми жетекшісі – профессор Тажибаева С.Ж.

Белгілі классик жазушы О. Бөкей - қазақ әдебиетінің алтын қорына енген көптеген ірі туындылардың авторы. Шығармалары қолдан-қолға түспей оқылатын туындылар қатарында болды, әрі жазушының көзі тірісінде-ақ орыс, ағылшын, чех, болгар, венгр, араб, жапон тілдеріне аударылған. Жазушы О. Бөкейдің көптеген шығармаларының осыншама тілге аударылғанына қарамастан, бұл аудармалардың қалай аударылғандығы, қандай тәсілдер арқылы жүзеге асырылғандығы туралы зерттеулер жоқтың қасы. Орыс немесе ағылшын тіліне аударылған шығармаларының түпнұсқамен қаншалықты сәйкес келетіндігі, аударма сапасы, аудармада қолданылған әдістер мен жолдар сияқты көптеген мәселелер болашақ зерттеулерді талап ететіні сөзсіз.

Алғашқы туындыларынан-ақ ешкімге ұқсамайтын ерекше қолтанбсымен еленген О. Бөкей жайлы заңғар жазушы Ә. Кекілбайұлы: *«Оралхан Бөкей – жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең сүлей суреткерінің бірі ретінде әлемдік танымдылыққа ие болды. Оралхан азғантай ғұмырында сондай асқаралы биікке өзін де, елін де, туған әдебиетін де шығарып үлгерді»* десе, драматург жазушы Д. Исабеков: *«Оралхан не жазса да қанымен, жанымен жазушы еді. Және қай жанрда жазбасын олардың бір де бірі қаламдастар мен қалың қауым назарынан тыс қалмайтын. Оралхан бір оқылатын жазушы емес. Оралхан қайталап оқуды қажет ететін жазушы, түсінгеніңше оқи беретін күрделі суреткер»* деп жоғары баға берген.

Жазушы О. Бөкейдің туындыларын белгілі алдыңғы қатарлы аудармашылар А. Ким, А. Кончиц, О. Мирошниченко, Б. Момышұлы, Р. Сейсенбаев, Ю. Домбровский, А. Орлов, В. Мироглов және Арина Ким түпнұсқадан орыс тіліне аударған. Жазушының көзі тірісінде-ақ біршама еңбегі, атап айтқанда, *«Камчигер»* 1970 жылы, *«Плеяды»* 1980 жылы, *«Где ты, жеребенок белолобый?»* 1973 жылы, *«Ледниковые горы»* 1975 жылы, *«След молнии»* жинағы 1978 жылы, *«Поющие барханы»* 1981 жылы, *«Крик»* 1984 жылы, *«Поезда проходят мимо»* 1985 жылы, *«Долгая, долгая зима»* 1986 жылы, *«Человек - Олень»* 1987